

Жас ғалымдар кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шара жоспарына сәйкес, «Цифрландыру дәуіріндегі қаржылық менеджмент: туризм саласындағы инновациялар мен қаржыландыру көздері» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелдің есебі:

Өткізілген күні: 30 қазан 2025 жыл


Өткізілген орны: Туризм және қонақжайлылық университеті, 303 аудитория.

Модератор: Баймаганбетов Сабит Туленбаевич

2025 жылдың 30 қазанда Туризм және меймандостық университетінің 303 аудиториясында жас ғалымдар, магистранттар мен студенттерге арналған ашық дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің негізгі тақырыбы – **«Цифрландыру дәуіріндегі қаржылық менеджмент: туризм саласындағы инновациялар мен қаржыландыру көздері»** болды.

Бұл іс-шараның басты мақсаты – Цифрландыру дәуіріндегі қаржылық менеджмент: туризм саласындағы инновациялар мен қаржыландыру көздері» тақырыбында жас ғалымдар арасында пікір алмасу алаңын қалыптастыру, саланың қаржылық тетіктерін цифрлық трансформация жағдайында жетілдіру жөніндегі өзекті мәселелерді талқылау және ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Модератор Баймаганбетов Сабит Туленбаевич бүгінгі дөңгелек үстел «Цифрландыру дәуіріндегі қаржылық менеджмент: туризм саласындағы инновациялар мен қаржыландыру көздері» тақырыбына арналады. Цифрлық технологиялардың жедел дамуы экономикалық процестердің барлық аспектілерін, соның ішінде туризм индустриясының қаржылық менеджментін трансформациялауда. Осыған байланысты, туризм саласының қаржыландыру тетіктерін жетілдіру, жаңа бизнес-модельдерге бейімделу және цифрлық инновацияларды енгізу мәселелері ерекше маңызға ие екенін атап өтті.







Цифрландыру туристік қызметтердің көрсетілу форматтарын түбегейлі өзгертті, оның ішінде онлайн-буккинг, мультисервистік платформалар және автоматтандырылған есеп жүргізу жүйелері кеңінен қолданылуда, ал қаржылық менеджментте ERP жүйелері, Big Data талдауы және автоматтандырылған бюджеттеу сияқты цифрлық құралдарды пайдалану шығындарды оңтайландырып, ұйымдардың табыстылығын арттыруға мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибеде цифрлық туризмнің экономикалық үлесі жыл сайын өсіп келеді, бұл Қазақстанда да жаңа нарықтық мүмкіндіктерді қалыптастыру қажеттігін көрсетеді, алайда осы үрдісті енгізу барысында негізгі кедергілер ретінде инфрақұрылымдық шектеулер, кадрлық әлеуеттің жеткіліксіздігі және қаржыландыру тапшылығы анықталуда.

Екінші болып сөз алған Ағниязов Біржан Ерболович туризм саласындағы инновациялық қаржыландыру модельдерін қарастырды, атап айтқанда венчурлік қаржыландыру, краудфандинг, краудлендинг және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (PPP) механизмдерінің белсенді қолданылатынын, инновациялық турөнімдерге инвестиция тартуда стартап экожүйесінің рөлі артқанын және инвестициялардың тиімділігін бағалауда цифрлық аналитика құралдары мен тәуекелдерді модельдеу әдістерінің маңыздылығы күшейгенін атап өтті, сонымен қатар жас ғалымдар туристік стартаптар үшін қаржыландыру көздерінің шектеулі екенін және инвесторлар

тарапынан жоғары тәуекелді жобаларды қолдауға қызығушылықтың төмендігін маңызды мәселе ретінде талқылады.



Қорытындылай келе, цифрландыру дәуірінде туризм саласының қаржылық менеджментін жетілдіру – экономикалық өсудің, инновациялық

экожүйені нығайтудың және халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды шарты болып табылады. Бүгінгі дөңгелек үстел барысында жас ғалымдар мен сарапшылар туризмді қаржыландырудың жаңа модельдері, цифрлық технологиялардың тиімділігі және саланың тұрақты дамуы үшін қажетті стратегиялық бағыттар бойынша құнды пікірлер ұсынды.